

## Ойыл ауданы бойынша 2014 жылдың қоғамдық жұмыстарды үйымдастыру және қаржыландыру туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 27 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 наурызда № 3810 болып тіркелді

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - ( Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 05.01.2014 № 1 қаулысымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы » Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармақшасына және 20 бабына сәйкес, Ойыл аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін үйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, жұмыс орындарының саны, қатысушылардың енбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (М.Сембі) жұмыссыздарды ақылы қоғамдық жұмысқа жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қ.Қазыбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі және 2014 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Aудан әкімі:	M. Абдуллин
	Ойыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 11 ақпандағы № 27 қаулысына қосымша

**Қоғамдық жұмыстар жүргізілетін үйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, жұмыс орындарының саны, қатысушылардың енбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері**

№	Мекемелер атапу	Қоғамдық жұмыстардың түрлері /жобалары/	Ш а р т	Жоспар бойынша		Қаржыландыру көздері
			бойынша жұмыстардың көлемі, 1 адамға (болжам) (тенге)	Жұмыс орындары ның саны (адам)	Каралған миң тенге	
1	2	3	4	5	6	7
1	«Көптогай ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Көптоғай ауылы, Амангелді, Қарасу, Шұбарши елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	3000 шаршы метр, 40 тонна	20	20	Жергілікті бюджет
2	«Қайынды ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қайынды ауылы, Көсембай елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	3000 шаршы метр, 40 тонна	20	20	Жергілікті бюджет
3	«Сарбие ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Сарбие ауылы, Каракөл елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	3000 шаршы метр, 40 тонна	20	20	Жергілікті бюджет
4	«Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қараой ауылы, Құбасай елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	3000 шаршы метр, 40 тонна	20	20	Жергілікті бюджет
5	«Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Саралжын ауылы, елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	3000 шаршы метр, 40 тонна	20	20	Жергілікті бюджет
6	«Ойыл ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Ойыл ауылы, Ақшатау, Қаракемер, Екпетал елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	10000 шаршы метр, 100 тонна	58	58	Жергілікті бюджет
7	«Ш. Берсиев атындағы ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Қаратал ауылы, Қарасу, Құмжарған елді мекендерінің көшелерін жинау, қоқыс шығару, көгалдандыру, халық санағы.	3000 шаршы метр, 40 тонна	20	20	Жергілікті бюджет
8	«Ойыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік	Техникалық жұмыс: құжаттарды өндөуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Фимаратты	10000 дана 5000 дана	10	10	

	бағдарламалар бөлімі » мемлекеттік мекемесі	тазалауга көмектесу. Қарт адамдарға көмек көрсету	500 ш.м 20 адам		Жергілікті бюджет
9	«Ойыл ауданы қорғаныс істер бөлімі » мемлекеттік мекемесі	Техникалық жұмыс: құжаттарды өндеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Фимаратты тазалауга көмектесу	90000 дана 5000 дана 800 ш.м	6	Жергілікті бюджет
10	Ойыл аудандық соты	Техникалық жұмыс: құжаттарды өндеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Фимаратты тазалауга көмектесу	80000 дана 1000 дана 1000 ш.м	3	Жергілікті бюджет
11	Ойыл ауданының прокуратурасы	Техникалық жұмыс: құжаттарды өндеуге көмектесу. Курьерлік жұмыс. Фимаратты тазалауга көмектесу	80000 дана 1000 дана 1000 ш.м	3	Жергілікті бюджет
Барлығы				200	200

### Қоғамдық жұмыстың нақты шарттары.

Жұмыс аптасының ұзақтығы екі демалыс күндерімен бес күн құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат. Еңбек ақысы жұмыс уақытын есепке алу табелінде көрсетілген нақты еңбек еткен уақытына, жұмыссыздардың жеке есеп шоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.